



"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2013 жылғы есепті бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 406 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2013 жылғы есепті бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2013 жылғы есепті бекіту туралы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 134-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2013 жылғы есеп бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2013 жылғы есепті Қазақстан Республикасының Парламентіне ақпарат ретінде ұ с ы н с ы н ;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2013 жылғы есеп және аудит жүргізу нәтижелері туралы ақпараттың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н.Назарбаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

«

»

№ Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы
мен пайдаланылуы туралы 2013 жылғы
ЕСЕП Мазмұны**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы
2 0 1 3 ж ы л ғ ы е с е п
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан
Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы 2013 жылғы есеп
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі 2013 жылғы өзге де
деректер

**1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану
туралы 2013 жылғы есеп**

| Р/с № | Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану | Сомасы (мың теңге) |
|----------|--|--------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есепті кезеңнің басындағы қаражаты | 10 446 538 785* |
| 2. | Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдер: | 3 991 604 321 |
| | оның ішінде: | |
| | мұнай секторы ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда) | 3 396 515 722 |
| | оның ішінде: | |
| | корпоративтік табыс салығы | 1 237 584 840 |
| | үстеме пайдаға салынатын салық | 158 506 784 |
| | бонустар | 21 902 799 |
| | пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық | 918 117 121 |
| | экспортқа салынатын рента салығы | 880 397 236 |
| | жасалған шарттар бойынша өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі | 180 006 942 |
| | қызметін өнімді бөлу жөніндегі келісімшарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының мұнай секторы ұйымдарынан қосымша төлемі; | 0 |
| | мұнай секторы ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттерге есептелетін түсімдерді қоспағанда) | 34 611 767 |

| | | |
|---|--|------------------|
| | оның ішінде: | |
| | орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторы ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 9 359 240 |
| | республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторы ұйымдарына салатын басқа да айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 54 998 |
| | мұнай секторы ұйымдары келтірген зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша табиғатты пайдаланушылардан алынған қаражат | 25 067 798 |
| | мұнай секторы ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер | 129 731 |
| | республикалық меншіктегі және тау-кен өндіру және өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер | 0 |
| | ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер | 1 216 840 |
| | Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кірістер | 559 259 992 |
| | Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге түсімдер мен кірістер | 0 |
| 3 | Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын пайдалану: | 1 412 035 945 |
| | оның ішінде: | |
| | кепілдік берілген трансферттер | 1 380 000 000 |
| | нысаналы трансферттер | 25 500 000 |
| | Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу | 6 535 945 |
| 4 | Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есепті кезеңнің аяғындағы қаражаты | 13 026 107 161** |

Е с к е р т п е :

* 2013 жылдың басындағы сальдо 3 194 235 мың теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстарының сомасын және 49 мың теңге – айырма мен сыртқы аудиторлар жасаған өткен жылдардағы қаржылық есептіліктегі дөңгелектеу сомасын және түзету сомасы болып табылатын 1 015 616 850 мың теңге соманы есепке алмай көрсетілген;

** 2013 жылдың аяғындағы сальдо 3 737 874 мың теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстарының сомасын және 49 мың теңге – айырма мен сыртқы аудиторлар жасаған өткен жылдардағы қаржылық есептіліктегі дөңгелектеу сомасын және түзету сомасы болып табылатын 1 266 692 517 мың теңге соманы есепке алмай көрсетілген.

2013 жылғы 1 қаңтарға Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты 10 446 538 785 мың теңгені (9 427 727 651 мың теңге – аудиттелген қаржылық есептілікке

сәйкес есептеу тәсілімен), 2013 жылғы 31 желтоқсанға 13 026 107 161 мың теңгені (11 755 676 721 мың теңге – аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес есептеу тәсілімен) құрады.

39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарын назарға ала отырып, 2013 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қоржынына сатып алынған «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ) облигацияларының теңгерімдік құнын түзету жүргізілді (сатып алу-сату шартына сәйкес 2013 жылы сатып алынған облигациялардың атаулы құны 255 000 000 мың теңгені құрады).

Түзету мөлшері 2013 жылы 251 075 667 мың теңгені құрады, ол «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның бұрын шығарылған облигацияларының теңгерімдік сомасын жоғарыда көрсетілген түзетумен бірге Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтеріндегі өзгерістер туралы есепте «Өзге аударымдар» бабы бойынша көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына 2013 жылы 3 432 344 329 мың теңге түсті, одан мұнай секторы ұйымдарынан түсетін тікелей салықтардың түсімдері есебінен (жергілікті бюджеттерге есепке алынатын салықтарды қоспағанда) – 3 396 515 722 мың теңге, оның ішінде 1 509 398 736 мың теңге (9 926 331 мың АҚШ долларына барабар) күнбе күн дәйекті айырбастау/қайта айырбастау операциясын жүргізу жолымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының теңгедегі тиісті шотына есептелген шетел валютасындағы түсімдер; мұнай секторы ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттерге есепке алынатын түсімдерді қоспағанда) – 34 611 767 мың теңге, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер – 1 216 840 мың теңге.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кірістер түсімдерінің есептелген сомасы – 559 259 992 мың теңге.

2013 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына мұнай секторы ұйымдарынан түскен түсімдердің құрылымы

| Салық төлемдерінің түрі | Сомасы (мың теңге) | Жалпы көлемдегі үлесі (%) |
|--|--------------------|---------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| Корпоративтік табыс салығы, оның ішінде: | 1 237 584 840 | 36,07 |
| КТС 101105* | 998 135 665 | 29,09 |
| КТС 101106* | 40 123 180 | 1,17 |
| КТС 101107* | 199 325 995 | 5,81 |
| Үстеме пайдаға салынатын салық | 158 506 784 | 4,62 |
| Бонустар | 21 902 799 | 0,64 |

| | | |
|---|----------------------|------------|
| Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық | 918 117 121 | 26,76 |
| Экспортқа салынатын рента салығы | 880 397 236 | 25,66 |
| Шикізат секторы ұйымдарынан өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі | 180 006 942 | 5,25 |
| Орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторы ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 9 359 240 | 0,27 |
| Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторы ұйымдарына салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 54 998 | 0 |
| Мұнай секторы ұйымдары келтірген зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша табиғат пайдаланушылардан алынған қаражат | 25 067 798 | 0,73 |
| Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер | 129 731 | 0 |
| БАРЛЫҒЫ: | 3 431 127 489 | 100 |

Е с к е р т п е :

* КТС 101105 – заңды тұлғалар – мұнай секторы ұйымдарынан алынатын корпоративтік табыс салығы;

* КТС 101106 – мұнай секторы ұйымдары резидент заңды тұлғалардан – төлем көзінен ұстайтын корпоративтік табыс салығы;

* КТС 101107 – мұнай секторы ұйымдары резидент емес заңды тұлғалардан – төлем көзінен ұстайтын корпоративтік табыс салығы.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдердің негізгі бөлігін (36,07 %) заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы, одан соң үлесі түсімдердің жалпы сомасының 26,76 %-ын құрайтын пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық құрады. Түсімдердің жалпы сомасының 25,66 %-ын экспортқа салынатын рента салығы, түсімдердің жалпы сомасының 5,25 %-ын Қазақстан Республикасының өнімді бөлу жөніндегі үлесі, 4,62 %-ын үстеме пайдаға салынатын салық және 0,64 %-ын бонустар құрады.

«2013 – 2015 жылдарға республикалық бюджет туралы» 2012 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2013 жылға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке ағымдағы бюджеттік бағдарламалардың және бюджеттік даму бағдарламаларының шығыстарын қаржыландыруға кепілдендірілген трансферт түрінде жоспарланған 1 380 000 000 мың теңгеден 1 380 000 000 мың теңге аударылды, бұл жылдық жоспардың 100%-ын құрайды.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 962 Жарлығына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферт бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 586 Жарлығына сәйкес 2013 жылғы қараша мен желтоқсанда Астана – Алматы, Астана – Павлодар автомобиль

жолдарын салу үшін Ұлттық қордан республикалық бюджетке нысаналы трансферт түрінде 25 500 000 мың теңге аударылды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы 2013 жылғы есеп

«КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізген Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры аудитінің нәтижелері бойынша қаржылық есептілік дәйекті деп танылды және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаржылық жағдайының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетінін **к ө р с е т е д і .**

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2013 жылғы 31 желтоқсанға кредиторлық берешегі мен есептелген төленбеген шығыстарының жалпы сомасы 21 051 178 мың теңгені құрады, оның ішінде:

1) инвестициялық операциялар бойынша шетел валютасындағы кредиторлық берешек – 17 313 304 мың теңге:

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына көрсетілген қызметтер үшін теңгедегі кредиторлық берешек – 3 737 874 мың теңге, одан:

- активтерді басқару үшін комиссиялар – 3 369 242 мың теңге, оның ішінде: 2 952 720 мың теңге – сыртқы басқарушылардың көрсетілетін қызметтеріне **к о м и с с и я ;**

416 522 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің комиссиялық **с ы й а қ ы с ы ;**

- 368 632 мың теңге – өзге де есептелген шығыстар, оның ішінде: 254 710 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының BNY Mellon жаһандық кастодианының көрсетілетін қызметтері үшін;

104 022 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының BNP Paribas жаһандық кастодианының көрсетілетін қызметтері үшін;

9 900 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы аудитін жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін.

1 - н ы с а н

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бухгалтерлік балансы (мың теңге)

| Баптың атауы | 2013 жылы | 2012 жылы |
|--------------|-----------|-----------|
| 1 | 2 | 3 |
| Активтер | | |

| | | |
|---|----------------|---------------|
| Ақшалай қаражат және оның баламалары | 1 321 094 919 | 669 000 168 |
| Туынды қаржы құралдарын қоспағанда, пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдары | | |
| Қор меншігіндегі | 10 338 345 692 | 8 669 409 000 |
| РЕПО мәмілелері бойынша кепіл ауыртпалығы бар | 0 | 0 |
| Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар | 104 539 968 | 93 982 818 |
| Туынды қаржы құралдары | 12 247 422 | 4 222 604 |
| Дебиторлық берешек | 9 592 933 | 1 832 811 |
| Активтер жиыны | 11 785 820 934 | 9 438 447 401 |
| Міндеттемелер мен таза активтер | | |
| Туынды қаржы құралдары | 9 093 035 | 4 898 498 |
| РЕПО мәмілелері бойынша кредиторлық берешек | 0 | 0 |
| Кредиторлық берешек және есептелген шығыстар | 21 051 178 | 5 821 252 |
| Міндеттемелер жиыны | 30 144 213 | 10 719 750 |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотын құрайтын таза активтер | 11 755 676 721 | 9 427 727 651 |

2013 жылғы 31 желтоқсанға инвестициялық операциялар бойынша шетел валютасындағы дебиторлық берешекті білдіретін Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры дебиторлық берешегінің жалпы сомасы 9 592 933 мың теңгені құрады.

2 - н ы с а н

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің пайдасы мен шығындары туралы есеп (мың теңге)

| Баптың атауы | 2013 жылы | 2012 жылы |
|---|--------------|-------------|
| 1 | 2 | 3 |
| Кірістер | | |
| Сыйақы түріндегі кірістер | 114 822 897 | 101 760 573 |
| Дивидендтер түріндегі кірістер | 33 575 617 | 24 769 946 |
| Форвардтық валюталық келісімшарттарды қоспағанда, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдарынан түсетін кіріс | 286 905 801 | 113 288 279 |
| Форвардтық валюталық келісімшарттардан түсетін таза пайда /(шығын) | (16 658 071) | 2 112 289 |
| Валюталық активтер мен міндеттемелерді қайта бағалаудан түсетін таза пайда /(шығын) | (77 432 622) | 11 747 452 |
| Кірістердің жиыны | 341 213 622 | 253 678 539 |
| Шығыстар | | |

| | | |
|---|-------------|-------------|
| Активтерді басқарғаны үшін комиссиялар | 6 592 099 | 5 777 896 |
| Кастодиандық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар | 461 706 | 392 430 |
| Аудиторлық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар | 9 900 | 7 568 |
| Кәсіби көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар | 0 | 0 |
| Бағдарламалық өнімдерді және ақпараттық дерекқорды пайдаланғаны үшін ақы төлеу жөніндегі шығыстар | 15 879 | 19 007 |
| Шығыстардың жиыны | 7 079 584 | 6 196 901 |
| Таза кіріс (шығын) | 334 134 038 | 247 481 638 |
| Басқа жиынтық кіріс | | |
| Бағамдық айырмалар | 218 046 370 | 129 981 059 |
| Жалпы жиынтық кіріс/(шығын) | 552 180 408 | 377 462 697 |

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын 2013 жылы сенімгерлік басқарудың қорытындысы бойынша негізгі көрсеткіштер:

- 1) басқару нәтижелері бойынша кірістер 341 213 622 мың теңгені;
- 2) басқарудан болатын шығыстар 7 079 584 мың теңгені;
- 3) теңгеге қайта бағалау (қайта есептеу) бойынша оң айырма 218 046 370 мың теңгені құрады.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқарудан болатын шығыстар шегерілгенге дейін жалпы жиынтық кіріс 559 259 992 мың теңгені, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқарудан болатын шығыстар шегерілгеннен кейінгі жалпы жиынтық кіріс 552 180 408 мың теңгені, 2013 жылы таза кіріс 334 134 038 мың теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының BNY Mellon кастодиан банкінің деректері бойынша 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап 2013 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде базалық валюта – АҚШ долларымен есептелген инвестициялық кіріс (іске асырылған және іске асырылмаған) қалыптасты, ол 2 199 237 мың АҚШ долларын құрады. BNY Mellon кастодиан банкінің деректері бойынша мәмілелер жасауға жұмсалған шығындарды ескере отырып түзетілген инвестициялық кіріс сол кезең ішінде 2 198 559 мың АҚШ долларын құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шотынан 2013 жыл ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқаруға байланысты жалпы сомасы 6 535 945 мың теңгеге мынадай шығыстар төленді:

- 1) 4 234 008 мың теңге – Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқарғаны үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің комиссиялық сыйақысы, оның ішінде 2 869 884 мың теңге 2013 жылғы көрсетілетін қызметтер үшін және 1 364 124 мың теңге өткен жылдардағы көрсетілетін қызметтер үшін;
- 2) 1 872 066 мың теңге – Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару бойынша сыртқы басқарушылардың комиссиялық сыйақысы, оның ішінде 558

991 мың теңге 2013 жылғы көрсетілетін қызметтер үшін және 1 313 075 мың теңге өткен жылдардағы көрсетілетін қызметтер үшін;

3) 223 493 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының BNY Mellon жаһандық кастодианының өткен жылдардағы көрсетілетін қызметтер үшін;

4) 182 925 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының BNP Paribas жаһандық кастодианының қызметтері үшін, оның ішінде 102 016 мың теңге 2013 жылғы қызметтер үшін және 80 909 мың теңге өткен жылдардағы көрсетілетін қызметтер үшін;

5) «Barra International LTD» компаниясының ақпараттық көрсетілетін қызметтері үшін 14 072 мың теңге аударылды;

6) 7 568 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2012 жылғы сыртқы аудитін жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін;

7) «Morgan Stanley Capital International» компаниясының ақпараттық қызметтері үшін 1 917 мың теңге аударылды;

8) «The Yield Book Inc» компаниясы көрсеткен қызметтер үшін 33 мың теңге аударылды, сондай-ақ есепті кезеңде «Yield Book» компаниясымен шарттың бұзылуына байланысты, өткен жылдардағы көрсетілмеген қызметтері бойынша 2012 жылғы желтоқсанға төленген 165 мың теңге сомаға комиссияны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Ұлттық Қордың шотына қайтарды;

9) «Бағалы қағаздарды тіркеу жүйесі» АҚ-ның көрсеткен көрсетілетін қызметтері үшін 28 мың теңге, оның ішінде 2013 жылғы қызметтері үшін 23 мың теңге және өткен жылдардағы көрсетілетін қызметтер үшін 5 мың теңге аударылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқару бойынша шығыстарды есептеудің жалпы сомасы 2013 жылғы 31 желтоқсанға 7 079 584 мың теңгені құрады, ол мынадай сомадан тұрады:

1) 3 305 692 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы басқарушыларының көрсетілетін қызметтері үшін;

2) 3 286 406 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқарғаны үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің комиссиялық сыйақысы;

3) 254 531 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының BNY Mellon жаһандық кастодианының көрсетілетін қызметтері үшін;

4) 207 175 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының BNP Paribas жаһандық кастодианының көрсетілетін қызметтері үшін;/

5) 14 072 мың теңге – «Barra International LTD» компаниясының бағдарламалық өнімін пайдаланғаны үшін,

6) 9 900 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына сыртқы аудит жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін;

7) 1 917 мың теңге – «Morgan Stanley Capital International» компаниясы көрсеткен

а қ п а р а т т ы қ

қ ы з м е т т е р

ү ш і н ;

8) 33 мың теңге – «The Yield Book Inc» компаниясы көрсеткен қызметтер үшін, сондай-ақ есепті кезеңде «Yield Book» компаниясымен шарттың бұзылуына байланысты, өткен жылдардағы көрсетілмеген қызметтер бойынша 2012 жылғы желтоқсанда төленген 165 мың теңге сомаға комиссияны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Ұлттық Қордың шотына қайтаруды жүргізді;

9) 23 мың теңге – «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» акционерлік қоғамының көрсетілетін қызметтері үшін.

3-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (мың теңге)

| Баптың атауы | 2013 жылы | 2012 жылы |
|--|-----------------|-----------------|
| 1 | 2 | 3 |
| Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы | | |
| Таза пайда (шығын) | 334 134 038 | 247 481 638 |
| Түзетулер: | | |
| Қазақстандық мемлекеттік компаниялардың облигациялары бойынша дисконттың /сыйлықтың амортизациясы | (6 632 817) | (5 640 998) |
| РЕПО мәмілелері бойынша сыйақы түріндегі шығыстар | 0 | 0 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдарынан іске асырылмаған (кіріс)/шығын | (222 767 172) | (94 561 795) |
| Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы | 104 734 049 | 147 278 845 |
| Операциялық активтердің ұлғаюы (азаюы): | | |
| Туынды қаржы құралдарынан басқа, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдары | (1 228 123 150) | (2 106 770 516) |
| Туынды қаржы құралдары | (8 024 818) | 441 302 |
| Дебиторлық берешек | (7 760 122) | 413 006 |
| Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы (азаюы): | | |
| Туынды қаржы құралдары | 4 194 537 | 347 904 |
| РЕПО мәмілелері бойынша кредиторлық берешек | 0 | 0 |
| Кредиторлық берешек және есептелген шығыстар | 15 229 926 | 1 535 717 |
| Ақша қаражатын операциялық қызметте/қызметке таза пайдалану/түсуі | (1 119 749 578) | (1 956 753 742) |
| Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы | | |
| Қазақстандық мемлекеттік компаниялардың облигацияларын сатып алу/сату немесе өтеу | (3 924 333) | (1 094 023) |

| | | |
|---|-----------------|-----------------|
| Инвестициялық қызметте ақша қаражатын таза пайдалану | (3 924 333) | (1 094 023) |
| Қаржы қызметінен түсетін ақша қаражатының қозғалысы | | |
| Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түсетін түсімдер | 3 432 344 329 | 3 460 225 119 |
| Республикалық бюджетке аударымдар | (1 405 500 000) | (1 380 000 000) |
| Өзге аударымдар | (251 075 667) | (71 905 977) |
| Қаржы қызметінен/(қызметінде) ақша қаражатының таза түсімі/(пайдаланылуы) | 1 775 768 662 | 2 008 319 142 |
| Ақша қаражатының және оның баламаларының таза ұлғаюы/(азаюы) | 652 094 751 | 50 471 377 |
| Жыл басындағы ақша қаражаты және оның баламалары | 669 000 168 | 618 528 791 |
| Кезең соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары | 1 321 094 919 | 669 000 168 |

4-НЫСАН

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таза активтеріндегі өзгерістер туралы есеп (мың теңге)

| Баптың атауы | Түсімдер | Аудару | Таза пайда (шығын) | Валютаны қайта бағалау бойынша резерв | Барлығы |
|---|----------------|-----------------|--------------------|---------------------------------------|--------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 2011 жылғы 31 желтоқсанға қалдық | 11 524 611 954 | (5 444 562 193) | 812 309 150 | 491 266 022 | 7 383 624 93 |
| Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түскен түсімдер және өзге де түсімдер | 3 460 225 119 | | | | 3 460 225 11 |
| Республикалық бюджетке аударымдар | | (1 380 000 000) | | | (1 380 000 0 |
| Өзге де аударымдар | | (413 585 098) | | | (413 585 098 |
| Валютаны қайта бағалаудың таза активтердің бастапқы қалдығына әсері | | | | 116 426 430 | 116 426 430 |
| Валютаны қайта бағалаудың таза пайдаға (шығынға) және өзге де аударымдарға әсері | | | | 13 554 629 | 13 554 629 |
| Кезеңдегі таза пайда (шығын) | | | 247 481 638 | | 247 481 638 |
| 2012 жылғы 31 желтоқсанға қалдық | 14 984 837 073 | (7 238 147 291) | 1 059 790 788 | 621 247 081 | 9 427 727 65 |
| Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түскен түсімдер | 3 432 344 329 | | | | 3 432 344 32 |
| Республикалық бюджетке аударымдар | | (1 405 500 000) | | | (1 405 500 0 |
| Өзге де аударымдар | | (251 075 667) | | | (251 075 667 |
| Валютаны қайта бағалаудың активтердің бастапқы қалдығына әсері | | | | 207 642 668 | 207 642 668 |
| Валютаны қайта бағалаудың таза пайдаға (шығынға) әсері | | | | 10 403 702 | 10 403 702 |
| Кезеңдегі таза пайда (шығын) | | | 334 134 038 | | 334 134 038 |

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтері 2013 жылдың аяғында 11 755 676 721 мың теңгені құрады (аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес есептеу әдісімен), жылдық өсім 25 %-ды құрады. Негізінен активтердің ұлғаюына мұнай секторы ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда) бойынша түсімдер көлемінің артуы есебінен қол жеткізілді.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі 2013 жылғы өзге де деректер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін басқару

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін бөлу құрылымы мынадай түрге ие болды. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қоржынының жалпы нарықтық құны 2013 жылғы 31 желтоқсанда 71 468 219 627 АҚШ¹ долларына тең болды, оның ішінде валюта қоржыны – 70 789 653 045 АҚШ доллары (99,05 %) және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ облигацияларының қоржыны – 678 566 582 АҚШ доллары (0,95 %). Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры валюталық қоржынының құрамына кіретін тұрақтандыру және жинақ қоржындарының нарықтық құны тиісінше 22 515 907 363 (31,81 %) және 48 273 745 682 (68,19 %) АҚШ доллары болды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының валюталық қоржынының құрамына кіретін бағалы қағаздардың және басқа да қаржы құралдарының нарықтық құны BNY Mellon кастодиан банкінің деректеріне негізделеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының валюталық активтерін бөлу құрылымы

| Атауы | Барлығы | |
|--------------------------------------|-----------------------|---------------|
| | USD-мен нарықтық құны | % |
| Тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар | 35 084 645 242 | 49,56 |
| Ақша нарығы | 22 515 907 363 | 31,81 |
| Акциялар | 12 122 047 503 | 17,12 |
| Жаһандық тактикалық бөлу | 1 067 052 937 | 1,51 |
| БАРЛЫҒЫ | 70 789 653 045 | 100,00 |

Тұрақтандыру қоржынының активтерін бөлу серпіні

%

| Активтер сыныбы | 31.03.12 | 30.06.12 | 30.09.12 | 31.12.12 |
|--------------------------------------|----------|----------|----------|----------|
| Ақша және ақша нарығының құралдары | 79,67 | 80,85 | 81,25 | 82,64 |
| Тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар | 20,33 | 19,15 | 18,75 | 17,36 |

| | | | | |
|---------------------------------|--------|--------|--------|--------|
| Тұрақтандыру қоржынының барлығы | 100,00 | 100,00 | 100,00 | 100,00 |
|---------------------------------|--------|--------|--------|--------|

Есепті кезең ішінде тұрақтандыру қоржынының құрамындағы эталондық индекске кіретін елдердің қолма қол валютасы² мен мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі шамамен 92,9 %-ға тең болды.

¹Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына көрсетілген қызметтер үшін теңгедегі кредиторлық берешек және теңгедегі шоттағы қаражат қалдығы ескерілмеген

²Ағымдағы шоттардағы қалдықтар, келесі жұмыс күні қайтару мүмкіндігімен ақша нарығының қорларына орналастырылған қаражат

Жинақтау қоржынының активтерін бөлу серпіні


%

| Активтер сыныбы | 31.03.12 | 30.06.12 | 30.09.12 | 31.12.12 |
|--------------------------------------|----------|----------|----------|----------|
| Тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар | 73,76 | 75,41 | 70,59 | 67,63 |
| Акциялар | 19,86 | 20,21 | 21,12 | 22,66 |
| Ақша және ақша нарығының құралдары | 6,38 | 4,39 | 8,30 | 9,72 |
| Жинақтау қоржынының барлығы | 100,00 | 100,00 | 100,00 | 100,00 |

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кірістілігі 2013 жылы 3 , 3 6 % құрады .

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры құрылғаннан бастап 2013 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы инвестициялық кіріс 9 173 млн. АҚШ долларын құрады. Құрылғаннан бастап 2013 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кірістілігі 72,87 %-ды құрады, бұл жылдық мәнде 4,44 %-ды құрайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тарихи кірістілігі



Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтері мынадай санаттар (инвестициялық қоржын түрлері) бойынша жіктелген:

- 1) тұрақтандыру қоржыны;
- 2) жинақтау қоржыны:

тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар қоржыны;
акциялар қоржыны;
активтерді тактикалық бөлу қоржыны.

Инвестициялық стратегияға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің әрбір сыныбы эталондық қоржынға (индекске) қатысты басқарылады, оның негізінде активтердің кірістілігі бағаланады. Эталондық қоржындар (индекстер) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларында айқындалған.

Тұрақтандыру қоржынының кірістілігі 2013 жылы 0,15 %-ды құрады, осы кезеңде эталондық қоржынның (Merrill Lynch 6-month US Treasury Bill Index) кірістілігі 0,18 %-ды құрады. Осылайша, тұрақтандыру қоржынының активтерін басқару нәтижесінде 2012 жылы (-) 0,03 % мөлшерінде теріс үстеме кірістілік алынды.


Жинақтау қоржынының кірістілігі 2013 жылы 5,43 %-ды құрады. Осы кезеңде эталондық қоржынның кірістілігі 4,81 %-ды құрады. Осылайша, оң үстеме кірістілік 0,62 % мөлшерінде алынды.

«Жаһандық облигациялар» мандат түрі бойынша жинақтау қоржынының активтерін басқарудан түсетін кірістілік 2013 жылы (-) 0,67 % құрады. Осы қосалқы қоржынның эталондық қоржынының кірістілігі (-) 0,38 % құрады. Осылайша, мандаттың осы түрін басқару нәтижесінде алынған жоғары кірістілік оң болды және (-) 0,30 % құрады.


«Жаһандық акциялар» мандат түрі бойынша жинақтау қоржынының активтерін басқарудан түсетін кірістілік 2013 жылы 28,57 % құрады, ал бенчмарктің кірістілігі 27,50 % құрады. Осылайша, эталондық қоржынға қатысты мандаттың осы түрі бойынша активтерді басқару нәтижесі теріс болды, үстеме кірістілік 1,08 % құрады.

«Активтерді жаһандық тактикалық бөлу» мандат түрі бойынша жинақтау қоржынының активтерін басқарудан түсетін кірістілік 2013 жылы 5,90 % құрады, ал бенчмарктің кірістілігі 4,42 % құрады. Осылайша, эталондық қоржынға қатысты мандаттың осы түрі бойынша 2013 жылы жинақтау қоржынының активтерін басқару нәтижесі оң болды, үстеме кірістілік 1,48 % құрады.

Мандаттардың түрлері бойынша жинақтау қоржынының кірістілігі



Тұрақтандыру қоржынының кірістілігі



2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару бойынша 2013 жылы өткізілген іс-шаралар туралы қосымша ақпарат

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 3 қаулысымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару тиімділігін арттыру және Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры жинақтау қоржынының активтерін валюталық әртараптандыруды тереңдету мақсатында евроның үлесін 28 %-дан 26 %-ға дейін азайту есебінен облигациялардың

эталондық қоржынына швед кронасын (2 %) қосу туралы шешім қабылданған болатын.

Осылайша, 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша эталондық қоржынның құрамы мынадай болды:

- 30 % - Merrill Lynch US Treasuries (1-5 years);
- 26 % - Merrill Lynch All Euro Government Index, DE, FR, NL, AT, LU, FI (1-5 years);
- 10 % - Merrill Lynch UK Gilts (1-5 years);
- 10 % - Merrill Lynch Japan Governments (1-5 years);
- 5 % - Merrill Lynch Australian Governments (1-5 years);
- 5 % - Merrill Lynch Canadian Governments (1-5 years);
- 5 % - Merrill Lynch South Korean Government Index (1-5 years);
- 3 % - Merrill Lynch Hong Kong Government Index (1-5 years);
- 2 % - Merrill Lynch Singapore Government Index (1-5 years);
- 2 %- Merrill Lynch Danish Government Index (1-5 years);
- 2 % - Merrill Lynch Swedish Government Index(1-5 years).

Басқару стильдерін әртараптандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 247 қаулысымен бекітілген «Жаһандық белсенді акциялар» Bank Sarasin&Cie AG және BSI SA мандаттары бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының активтерін сыртқы басқарушылар ретінде мандаттың көрсетілген түрі бойынша сыртқы басқарушыларға басқару үшін активтер берілген болатын.

Есепті кезеңде, 2013 жылғы 11 сәуірде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің отырысы болып өтті, онда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің активтерді одан әрі әртараптандыру, атап айтқанда:

- 1) ұзақ мерзімді қоржын құру;
- 2) алтын қоржынның құру;

3) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық Инвестициялық Корпорациясы» АҚ-ның басқаруымен баламалы қоржын құру жөніндегі ұсыныстары қаралып, қабылданды.

Басқару стильдерін әртараптандыру және активтердің кірістілігін ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 103 қаулысымен «Жаһандық пассивті акциялар» мандаты бойынша сыртқы басқарушы Amundi бекітілді.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес қабылдаған шешімдерді іске асыруға дайындық шеңберінде жұмыстар жүргізуде. Атап айтқанда «Инвестициялық деңгейдегі жаһандық корпоративтік облигациялар», «hard currency дамушы нарықтарының облигациялары», «Жаһандық акциялар: жоғары дивидендтер», «Жаһандық акциялар: барынша аз құбылмалылық /өзгермелілік» мандаттары бойынша сыртқы басқарушыларды таңдау жөнінде тендерлер өткізілді.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 189 және № 190 қаулыларымен «hard currency дамушы нарықтарының облигациялары» мандаты бойынша сыртқы басқарушылар Amundi және Pioneer Investment Management Limited және «Инвестициялық деңгейдегі жаһандық корпоративтік облигациялар» мандаты бойынша сыртқы басқарушылар Pioneer Investment Management Limited және Bank Julius Baer & Co бекітілді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару тиімділігін арттыру мақсатында «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 225 қаулысымен «Жаһандық акциялар: жоғары дивидендтер» мандаты бойынша сыртқы басқарушылар Kleinwort Benson Investors Dublin Ltd және Schroder Investment Management Limited бекітілді.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 23 қыркүйектегі № 253 қаулысымен «Жаһандық акциялар: барынша аз құбылмалылық / өзгермелілік» мандаты бойынша сыртқы басқарушылар Nomura Asset Management U.K. Ltd., Quoniam Asset Management GmbH және Analytic Investors бекітілді.

2013 жылы теңгеге номинацияланған бағалы қағаздар эмиссиясының шарттарына сәйкес эмитенттерден жалпы сомасы 114 050 мың теңгеге купондық сыйақы, оның ішінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ облигациялары бойынша – 90 050 мың теңге, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ облигациялары бойынша – 24 000 мың теңге алынды.

Халық арасында Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы және пайдаланылуы туралы 2012 жылғы есеп және сыртқы аудит жүргізу нәтижелері туралы ақпарат 2014 жылғы 19 ақпанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 34 (28258) жарияланды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің веб-сайтында орналастырылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қызметі туралы қажетті ақпарат, есептер, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің веб-сайтында (www.minfin.kz) орналастырылған.